КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 02 тамыз іс №5165-23-00-2/1559 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Арман санаторииі» акционерлік қоғамы.

ЖАУАПКЕР:
«Нурбек Жол Сервис» ЖШС.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану тану.

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Нурбек Жол Сервис» ЖШС.

ҚАРСЫ ТАЛАП БОЙЫНША ЖАУАПКЕР:
«Арман санаторииі» акционерлік қоғамы.

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзу бойынша іс-әрекетін заңсыз деп тану және осы шартты жарамды деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі М.Анарбаев.
Жауапкер өкілі К.Алибаев.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылдың 24 қаңтарда тараптар арасында №ГЗ/23-28 санды көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 472 000 теңгеге түзілген. Шарттың қолдану мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсананы дейін.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 09.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың талаптары бойынша талап қоюшының өтінімі бойынша, жыл бойы ай сайын – тоңазтқыш және ұқсас жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Жауапкер 2023 жылғы 3 наурыздағы және 2023 жылғы 3 мамырдағы қызмет көрсетілген актке сәйкес барлығы: 78 670 теңгенің қызметін көрсеткен.

Талап қоюшы тиісті түрде 2023 жылы 10 мамырда Шарт бойынша өтінім берген, алайда жауапкер өз міндеттерін орындамаған. Сондан соң талап қоюшы Шартты бір жақты бұзуға веб-портал арқылы хабарлама берген.

Негізгі талап қою:

Талап қоюшы сотқа Шарт бойынша міндетемелерін толық орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Қарсы талап қою:

Жауапкер талап қоюшының келісім-шартты біржақты бұзу бойынша іс-әрекеті заңсыз деп тануды және осы келісім-шарт жарамды деп тануды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі М.Анарбаев, өзінің талап қоюын толық қанағаттандыруды, қарсы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Жауапкер өкіл К.Алибаев негізгі талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды, өзінің қарсы талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Негізгі талап қою бойынша:

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 09.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта нақты анықталғаны талап қоюшы 2023 жылы 10 мамырда соңғы өтімі берген, жауапкер қызметтерді осы күнге дейін орындамаған, бүгінгі күнге талап қоюшымен келісім шартты бір жақты бұзылған, талап қоюшы талапты сотқа Заңда көрсетілген мерзім ішінде берілген.

Шарттың 5.2. тармағына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Осы аталған талап бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Сот талапкердің негізгі талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

Қарсы талап қою бойынша:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 402-бабына сәйкес, шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісім, егер заңдардан, шарттан немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан өзгеше туындамаса, шарт жасалатын сияқты нысанда жасалады. Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

АК-тің 404-бабына сәйкес, шартты орындаудан біржақты бас тартуға (шарттан бас тартуға) осы Кодексте, өзге де заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі. Егер осы Кодексте, басқа да заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс.

Мемлекеттік веб порталының мәліметіне сәйкес, 2023 жылдың 12 мамыр күні (15:48 сағ.) тапсырыс беруші өнім берушіге шартты бұзу жөнінде ұсыныс жолданған, ұсыныс өнім берушіге сол күні жеткізілген және (16:14 сағ.) оқылған, екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей ескертілген, алайда ешбір жауап қайтпаған, сондықтан бір ай мерзім өткеннен кейін шарт веб портал арқылы 2023 жылдың 12 маусым күні автоматты түрде бұзылған. Сотта тараптар бұл мән жайды жоққа шығармады. Сондықтан шартты бұзу әрекеті заңды болғандықтан, оны заңсыз деп тануға негізді себептер анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің (әрі қарай - АПК) 72-бабының 1-бөлігіне сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға,

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 09.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Ал қарсы талап қоюшымен де іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерін растайтын, теріске шығаратын фактілер туралы дәлелдемелер ұсынылмады.

АПК-нің 68-бабының 1 және 6-бөліктеріне сәйкес әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Егер іс үшін маңызы бар және екінші тарап жоққа шығармаған мән-жайларды даусыз растайтын, іске қатысты жарамды және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

Жоғарыдағы негізде қарсы талап істің нақты мән-жайларына сәйкес келмейтінін назарға ала отырып, сот жауапкердің мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзу бойынша іс-әрекетін заңсыз деп тану және осы шартты жарамды деп тану қарсы талабын қанағаттандырудан бас тартуға жатады деп табады.

АПК-нің 109-бабының негізінде жауапкерден мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Арман санаторииі» акционерлік қоғамы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

«Нурбек Жол Сервис» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Нурбек Жол Сервис» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

«Нурбек Жол Сервис» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзу бойынша іс-әрекетін заңсыз деп тану және осы шартты жарамды деп тану ттуралы қарсы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 09.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 09.08.2023